



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

замандастарымыздың бейнесінде дәстүрлілік пен жаңашылдықтың арасалмағын зерделесек, дәстүрлі ұлттық сипаттың біршама басым екені анық көрінеді» [2, 154-155бб].

Біздің сауалнама студент жастар арасында жүргізілгендіктен болар, жоғарыдағы аталған әлеуметтік зерттеуімізге сандық және сапалық талдау жасағанда байқағанымыз, қазіргі қазақ студент жастар бейнесінде жаңашылдық дәстүрлілікке қарағанда сәл басымдау сияқты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Федотова В.Г. Факторы ценностных изменений на Западе и в России // Вопросы философии. – 2005. – №11.с.3.
2. Қазақ мәдениетіндегі әйел бейнелері: Монография / Жауапты редактор Г.А.Адаева. - Астана: Мастер По ЖШС, 2014. – 194 б.

ОӘЖ:130.2:512.122(045)

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАР

Қуанышева Аяжан Қуандыққызы

akuandykkyzy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ,СҚФ 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Рахимжанова С.Қ.

Қазақтың маңдайына біткен дара ұлдарының бірі, өзі жоқ болса да, артынан көп із қалдырған Ұлы тұлға Абай Құнанбайұлының шығармашылығы әркімді болсын өзінің әсерлілігімен, өнегелілігімен таңдандырмай қоймайтыны анық. Өзінің кешкен ғұмырының соңында өмірден түйгендерін қағаз бетіне түсіріп қана қоймай, оқыған адамның дүниеге деген көзқарасын өзгертетіндей философиялық ойларын қалдырып кеткен. Міне, тап осылай Абайдың қара сөздері дүниеге келген.

Абайдың қара сөздері көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі болып табылады. Ғақлиялар — ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Негізінен жалпы қара сөздерінің саны қырық бес, бірақ әрқайсысы әртүрлі жазылған, бір-біріне тақырыбы жағынан ұқсамайды. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай атамыз өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зор салған.

Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.

Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. Осының өзі ұлы сөздердің қандай дәрежеге жеткенін аңғартады. Бірінші қара сөзінен бастап адамды өзінің әлеміне баурап алып кетеді. Әсіресе өскелең ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосатын сөздері халықтың жүрегінен ойып тұрап орын алған десек қателеспейміз. Адам психологиясы және бала тәрбиесі жайында 7, 10, 17, 20, 25, 31, 36, 41, 43 қара сөздерінде айтқан. Осының дәлелі ретінде кейбір сөздерге тоқталып кетейік.

Он жетінші қара сөзі балаларға ақыл, қайрат, жүрек, ғылымның адам өмірінде алатын орнын түсінуге, адамның ішкі жан дүниесін тануға, өз бойларында осы қасиеттер болуы үшін күресе білуге шақырады.

Қысқаша мазмұнына тоқталсақ: ақыл, қайрат, жүрек үшеуі адам үшін өздерінің атқаратын жұмыстарын айта келіп, әрқайсысы өзін бірінші орынға қойып таласады да,

ғылымға төре-лікке жүгінеді. Ғылым үшеуінің де жақсылы, жаманды қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сы-найды. Жеке-жеке үшеуінде де кемшілік бар. «...Осы үшеуің басыңды қос, оның ішін де жүрекке билет», - деп үкім шығарады. «Егер үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтаймын», - дейді оларға ғылым.

Бұл мәселелер Абайдың тек он жетінші қара сөзінде ғана емес, көптеген өлеңдерінде де сөз болады. Мысалы: «Әуелде бір суық мұз, ақыл, зерек» деген өлеңінде Абай:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жолда жоқ жарым есті «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ, біреуінсіз,
Ғылым - сол үшеуінің жөнін білмек.

Қарап тұрсақ Абайдың қара сөзі мен мына үзіндінің мазмұны бір. Екеуінде де ақыл, қайрат, жүрек, ғылым сөз болады. Әрине, әңгіме тек сөз болуында ғана емес, ақынның оларға қалай қарауында. Егер біз мәселеге осы тұрғыдан келсек, Абайдың өз идеясына беріктігін, қандай проблеманы көтерсе де, мәселені жүйелі түрде қойып, қалайда оны оқырмандарының ой-саналарына жеткізуді ойлайтындығын, алған нысанасынан қыл елі таймайтындығын көреміз. Ол өзі өмірінің игілігін, өз бойындағы бары мен нәрін халық үшін, адам үшін жалпы адам баласының бақыты үшін жұмсауға тырысты. «Әкесінің баласы - адамның дұшпаны, адам баласы - бауырың» дейтін сөздері оның шығармаларының негізгі идеясының бірі болды. Демек бұл сөзінде де Абай жүректі, яғни адам - адамды сүю, адам үшін қызмет етуді бірінші орынға қояды. Бірақ ғылым бойынша да, Абайша да ең идеал нәрсе - осы үшеуінің бірлігі. «Осы үшеуі (ақыл, қайрат, жүрек) бір кісиде менің айтқанымдай табылса, табанының топырағын көзге сұртерлік қасиетті адам сол», - дейді [1].

Ал он тоғызыншы қара сөзінде: “Адам ата-анадан есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескере, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. Мұндай сөзді естігенде шайқақтап, шалықтанып не салбырап, салғырттанып естісе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек? Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады” деген екен. Он тоғызыншы қара сөзден адамның, тұлға болып қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге, біліміне, қоғамға байланысты екенін ұғынуға болады.

Тап осы тәрізді, тағы бір үлкен мәселені қозғайтын шығармасы - «Отыз алтыншы сөзі». Бұл қара сөзде Абай атамyzдың тіліне тиек болатын – ұят. Өз кезіндегі әртүрлі ұяттан, ардан безгендерлі сынай келіп, ұят, оның түрлерін сөз етеді. Ұяттың бір түрі - адамның жас кезінде, балалық дәуірінде болатын табиғи құбылыс - та, екіншісі - жасықтық, ынжықтықпен байланысты. «Ұялмас нәрседен ұялған ұялу - ақымақтық, жамандық», - дей келіп, шын мәніндегә ұят қандай болу керек деген сұраққа жауап береді.

«Ұят деген - адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіңнен өз мойнына салып, сөгіп, қылған қылмысының аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді. Көздің жасын, мұрынның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың. Көзің кісі бетіне қарамақ түгіл, еш нәрсені көрмейді. Мұндайлыққа жетіп ұялған адамға өкпесі бар адам кешпесе, яки оның үстіне тағы аямай өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ десе болар», - дейді. «Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да», - деп қорытады ақын [2].

Ұят - адам болған жерде бола беретін мәңгілік нәрсе. Қандай қоғам болса да, әдеп, әркен, мінез-құлық, жүріс-тұрыс іс-әрекеттердің сол қоғам құрылысының заңына бағынып-қы белгілі бір нормасы (өлшем-шегі) болады. Сол нормаларды бұзу - ұят. Кейде ұяттың жалпы адам баласына ортақ түрі болмақ. Қай халықты алсақ та, ұятқа үлкен мән берген. Діншілдер, тіпті ұяттың бір жағын дінге тіреп, ұятты сақтауды парыз дәрежесіне дейін көтерген. «Қазақта «Ұят кімде болса, иман сонда» деген мақал да ұятқа үлкен мән бергендігін көрсетеді. Ұятсыздық - өмірдегі ең бір сұрқия қылық. Сондықтан да ұлы ақынымыз Абай бұл мәселеге айрықша көңіл бөліп, ұрпақтарының ар-ұяттарын таза сақтауын арман еткен. Бұл сөзінің күні бүгіннің өзінде де тәрбиелік мәні зор.

Отыз төртінші қара сөзінде «Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде тууың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұрауың бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауып, екі дүниенің жақсылығына рахатың бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?.. Біріңе бірің қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып көз алартыспақ лайық па?» дейді [2].

Абай атамyzдың бұл пікірі дүниежүзілік философия тарихындағы адам мәселесі, адам теңдігі жайлы аса маңызды ойлар қалдырған Сократ, Сенека, Канттардың қағидаларынан, ар ілімінің императивтерінен артық түспесе, кем түспейді. Мысалы, Сенеканың құл мен қожайынның теңдігі жайлы айтқан мынадай әңгімесі бар. Өзінің бір досына қонаққа барғанда былай дейді: «Мен сенің үйіңде болған кісілерден естідім, сен өзіңнің құлдарыңмен достық қарым-қатынас жасайды екенсің. Бұл ісің сенің адамгершілігіңе, біліміңе сай қылық. Тағдыр адамды бір жағдайда мырза қылады, басқа бір жағдайда құлға айналдырады. Ойлансаң сенің құл деп тұрған адамың да дәл сен сияқты жолмен жарық дүниеге келді, сен сияқты ауа жұтады, өседі, өледі. Ортақ аспан, ортақ жер. Сонда сенің нең бөлек, ерекше. Ал құлдыққа келсек, адамның бәрі құл. Біреу нәпсінің құлы, біреу сараңдықтың құлы, тағы біреу мансаптың құлы, ал адамның бәрі қорқыныш пен үміттің құлы. Сондықтан сенің құлдарыңа дұрыс көзқараста болғаныңды мен құптаймын». Әрине, бұл да – дәлелдері мінсіз керемет түсінік.

Бірақ, Абайдың ойлау қабілеті одан да жоғары. Бұл жерде біржақты таптарды ғана үйлестіру, келісімге келтіру шарт емес. Абай ұлт пен ұлттың, нәсіл мен нәсілдің, ел мен елдің достығын, теңдігін өз пікіріне тиек етіп отыр. «Адамшылық» қағидасын жалау қылып көтеретін себебі де, адамзаттың баласы бол, біреуді орыс, біреуді ноғай, біреуді сарт деп құлме, өзінді ешкімнен артық санама, ғылымын, өнерін, жақсы қасиеттерін үйрен, жаман қасиеттерінен жирен, адамзаттың барлық асыл қазынасын өз жаныңа азық қылсаң ғана адам атын қабылдауға негіз бар дегендік.

«Адам мінезін түзеуге болмайды» дегеннің қолын кесер едім» [3] деген сөз – Абайдың ағартушылық, ұстаздық әрекетінің шарты. Ондай сенім болмаса, артқы толқын інілер халықтың мұрат-мақсатын жүзеге асырар деген үміт болмаса ақылын, парасатын, арын, жүрек-қайратын, қажырын ерінбей, жалықпай осы жолға сарп етер ме еді. Әрине, жоқ. Дегенмен, бұл мақсаттың қиынның қиыны екенін анық білді.

Қорытындылай келе атап өткен Абай атамyzдың қара сөздерінің тәрбиелік мәні зор. Ол күйініп жазған барлық қоғамдағы қарама-қайшылықтар осы заманда да кездесетіні тарихи заңдылық. Бірақ қарап тұрсаңыз, ол барлық мәселелердің шешімін адамның өзінен іздейді. Өзі айтып кеткендей адам туғанда бірден мейірімді немесе зұлым болып туылмайды, оның барлық қасиеттерін қалыптастыратын отбасы және қоғам. Бұрынғы Абай кезеңін алмай-ақ қояйық, өз заманымызда болып жатқан кесепаттар ол уақытпен салыстырғанда он есе ауыр зардаптарын тигізуде. Мәселен, ол заманда баласын қоқысқа тастап кететін көкек аналар, туған әкесінен жүкті болатын қыздар, адамды азаппен жер жастандыратын жаналғыштар, ата-анасын қарттар үйіне тапсыратын балалар, көшеде тәнін саудалайтын қыздар болған емес. Қандай жан түршіктірер құбылыстар десеңізші. Тіпті осыдан бір жиырма жыл бұрынғыдай ата-аналар балаларын мектепке жіберуге қорқатын

заман емеспе. Оның үстіне БАҚ-тың беріп жатқан сансыз дүрліктілер жаңалықтарын естіп отырып өмірге деген құштарлығыңнан айырыласың. Менің ойымша, жас ата-ана сәби кезінен бастап баласына Абай атамыз секілді Ұлы тұлғалардың осындай ойларымен таныстырып, тәрбиеге салса барлық жамандықтың алдын-алуға болады. Осыдан шығатын қорытынды өз болашағымыз өз қолымызда дегім келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А. Құнанбаев «Қалың елім қазағым: шығармалары». - Алматы: «Жалын» баспасы, 1995. – 339 б.
2. Абай. Энциклопедия / Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас ред.; Атамұра, 1995. - 182-234 б.
3. Өмірәлиев Қ. «Абай афоризмі». - Алматы: Қазақстан, 1993.- 74 б.

УДК 13.11.28

ТВОРЧЕСТВО БОЛАТА АЮХАНОВА: ОТ КЛАССИКИ К МОДЕРНУ И ПОСТМОДЕРНУ

Кубенова Зарина Маратовна

zzara_k@list.ru

Магистрант 2 курса специальности «6М020400- Культурология»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - Толгамбаева Д.Т.

Танец является культурной универсалией, в то же время, в нем раскрываются душа народа, его национальный темперамент и чаяния. Эволюция танца в творчестве Болата Аюханова тесно переплетена с этноисторической и политической судьбой страны. Рождение, становление и расцвет творчества Б. Аюханова пришлось на советский период, где происходили как положительные, так и отрицательные моменты на развитие населения республики. Советская диктатура признавала только одно направление в искусстве – советский соцреализм. С другой стороны, советская школа танца базировалась на лучших традициях классической школы, при этом ей были не чужды идеи модерна, импрессионизма и других стилей конца XIX начала XX века.

Так, творчество Б. Аюханова начинается именно в советский период, получив классическое балетное образование, в 1964 году, он завершает сольную исполнительской карьеру в Государственном театре оперы и балета им. Абая. В 1964-1965 годах он становится художественным руководителем в Алма-Атинское хореографическое училище, а также балетмейстер в Театре оперы и балеты имени Абая.

С 1964-67 годов в организованном им «Театре двух актеров» в творческом союзе с И. Манской, который в последствии стал ансамблем «Молодой балет Алма-Аты» в 1967 году, а в 1975 году коллективу был присвоен новый статус, и он был переименован в «Государственный ансамбль классического танца Республики Казахстан». Истинный экспериментатор, яркая творческая харизма Аюханова стала причиной, по которой хореограф неустанно обновлял репертуар, постоянно и много гастролировал, был по-настоящему самым смелым постановщиком в этот период развития казахстанского балета.

Танец «Ак-күй», поставленный Б. Аюхановым в 1966 году для дуэта Ф. Жулимбетовой и Л. Мажикеевой, продолжил лучшие традиции постановки сценического национального танца. Музыкальным сопровождением танца стала музыка «Би-күй» в обработке А. Жубанова. Этот лирический күй способствовал возникновению у балетмейстера образа двух лебедей. Лебеи издавна считались у казахов священными птицами, с их грацией и красотой сравнивалась красота женского образа. В танцевальной лексике это сравнение выражается подражанием человека пластике птицы.